

Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын және Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 164-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 25 маусымда № 7746 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 мамырдағы № 112 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.05.2024 № 112 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы 9-тармағына, 2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

3. Қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу департаменті:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және одан кейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдарының мәліметіне жеткізсін.

4. Мыналардың:

1) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 316-ө "Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын және оны толтыру жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4998 тіркелген, "Заң газеті" 2007 ж. 23 қараша № 180 (1209) жарияланған);

2) "Қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 316-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы № 349-Ө бұйрығы (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5085 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2008 жыл 27 сәуір № 3 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі М. Мұхамбетовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің төрағасы

_____ Ә. Смайылов

25 мамыр 2012 жыл

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2012 жылғы 21 мамырдағы
№ 164-ө бұйрығына 1-қосымша
Приложение 1
к приказу Министра охраны
окружающей среды
Республики Казахстан
от 21 мая 2012 г. № 164-ө

Нысан
Форма

	<p>Кіммен ұсынылады Кем представляется</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>(атауы және мекенжайы, облыс, аудан, елді мекен) (наименование и адрес, область, район, населенный пункт)</p> <p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес экономикалық қызмет түрі (ЭҚЖЖ) код</p> <p>-----</p> <p>Вид экономической деятельности согласно общего классификатора видов экономической деятельности (ОКЭД)</p> <p>Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес табиғатты пайдаланушының орналасқан жері код</p> <p>-----</p>
--	---

Ақпарат алушы құпиялылықты сақтауға кепілдік береді

Конфиденциальность гарантируется получателем информации

□□□□□□□□

Местонахождение природопользователя согласно Классификатора административно-территориальных объектов (КАТО)

_____ **Кәсіпорын басшысының аты-жөні**
лауазымы Ф.И.О.

Должность руководителя предприятия

_____ **Қолы Күні**
Подпись Дата

_____ **Қоршаған ортаны аты-жөні**
қорғау саласындағы Ф.И.О.
уәкілетті органның
жауапты қызметкерінің
лауазымы

Должность ответственного сотрудника территориального подразделения уполномоченного органа в области охраны окружающей среды

_____ **Қолы Күні**
Подпись Дата

Қауіпті қалдықтар бойынша есеп

Отчет по опасным отходам

20 __ жыл бойынша

за 20 __ год

Ақпарат Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес _____

_____ Информация представляется в соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан

_____ респонденттің тұрған жері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне

_____ ұсынылады.

_____ в территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды по месту нахождения респондента

Нысан "Қауіпті қалдықтар бойынша есеп"

Форма "Отчет по опасным отходам"

жылдық

годовая

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 20__ ж. "___" _____ № ___ бұйрығымен бекітілген.

Утверждена приказом Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан

№ ___ от "___" _____ 20__ г.

Шаруашылық қызметі үдерісінде халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін, пайда болатын, пайдаланылатын, залалсыздандырылатын, үйілетін немесе көмілетін қауіпті қалдықтар жөнінде табиғат пайдаланушымен есептік жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша есеп ұсынылады

Представляется природопользователями, в процессе хозяйственной деятельности которых образуются, используются, обезвреживаются, складированы или производится захоронение опасных отходов, представляющие опасность для здоровья населения и окружающей среды, по состоянию на 1 января года, следующего за отчетным.

Тапсыру мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін

Срок представления: до 1 марта года, следующего за отчетным

Нысанды www.eco.gov.kz сайтынан алуға болады.

Форму можно получить на сайте www.eco.gov.kz.

Қауіпті қалдықтар бойынша есеп Отчет по опасным отходам		Толтыру үлгісі: Пример заполнения:
Есеп беру жылы Отчетный год	<input type="text"/>	<input type="text"/> 1 <input type="text"/> 2 <input type="text"/> 3 <input type="text"/> 4 <input type="text"/> 5 <input type="text"/> 6 <input type="text"/> 7 <input type="text"/> 8 <input type="text"/> 9 <input type="text"/> 0

Есептік жылдағы қалдықтардың көлемін тоннамен үтірден кейін үш белгімен көрсетіңіз (54 және 55 жолдардан басқа)

Укажите объемы отходов в отчетном году, в тоннах, с тремя знаками после запятой (кроме строк 54 и 55)

Жол коды/ Калдықтың түрлері	Есеп беру жылы басында кәсіпорында бары	Есеп беру жылы кәсіпорында пайда болғаны	Есеп беру жылы кәсіпорында пайда болғаны	Есеп беру жылы басқа кәсіпорындардан келіп түскені	Есеп беру жылы кәсіпорында өңделді, қайта пайдаланылды, өртелді, оның ішінде:
			Образовало с ь на	Поступило от других предприятий за отчетный год	Переработано, повторно использовано, сожжено на предприятии за отчетный год, в том числе:

Код строки	Виды отходов	Наличие на предприятии и на начало отчетного года	предприятия и за отчетный год	барлығы всего	оның ішінде импорт бойынша из них по импорту	өңделді, қайта пайдаланылды переработано, повторно использовано	
						барлығы всего	оның ішінде импорт бойынша из них по импорту
А	Б	1	2	3	4	5	6
01	Қауіптілігі барлық дәрежедегі қалдықтардың жалпы саны Всего отходов всех уровней опасности						
02	Қатты Твердые						
03	Сұйық Жидкие						
04	Паста тәрізділер Пастообразные						
05	"Қызыл" тізбедегі қалдықтар, барлығы Отходы из "красного" списка, всего						
	құрамында полихлорлық дифенил, полихлорлық терфинил, полибромдық дифенил бар қалдықтар (сонымен қатар осы қоспалардың барлық полибромдық						

06	<p>баламалары) отходы, содержащие полихлорированный дифенил, полихлорированный терфинил, полибромированный дифенил (а также любые полибромированные аналоги этих соединений)</p>						
07	<p>Асбест және оның сипаттамсы на ұқсас кез келген қалдықтар асбест и любые отходы со схожими с асбестом характеристиками</p>						
08	<p>полихлорлық дибензофуранмен тектес кез келген қоспа любое соединение, родственное полихлорированному дибензофурану</p>						
	<p>полихлорлық дибензодиоксинмен</p>						

09	<p>тектес кез келген қоспа любое соединение, родственное полихлорированному дибензодиоксину</p>						
10	<p>қорғасын қосылған антиденотациялық көшет шламдары шламы антиденотационных присадок с добавлением свинца</p>						
11	<p>асқын тотық (сутегі асқын тотығынан басқа) перекиси (кроме перекиси водорода)</p>						
12	<p>басқа қалдықтар прочие отходы</p>						
13	<p>"Янтарь" тізбесіндегі қалдықтар барлығы Отходы из "янтарного" списка, всего</p>						
14	<p>құрамында сынап бар қалдықтар, олардың ішінде: отходы, содержащие ртуть, из них:</p>						

15	<p>құрамында сынап бар шамдар ртутьсодержащие лампы</p>						
16	<p>құрамында мышьяк бар қалдықтар отходы, содержащие мышьяк</p>						
17	<p>құрамында алты валентті хром бар қалдықтар отходы, содержащие хром шестивалентный</p>						
18	<p>құрамында қорғасын бар қалдықтар отходы, содержащие свинец</p>						
19	<p>құрамында мырыш бар қалдықтар отходы, содержащие цинк</p>						
20	<p>бүтін немесе бөлшектелген істен шыққан аккумуляторлар отработанные аккумуляторы, целые или разломанные</p>						
	<p>құрамында цианидтер</p>						

21	бар қалдықтар отходы, содержащие цианиды						
22	өнеркәсіптік кәсіпорындардың шөгінділері иловый осадок промышленных предприятий						
23	куб қалдықтары кубовые остатки						
24	гальваникалық өндіріс қалдықтар отходы гальванических производств						
25	фосфор шлактары шлаки фосфорные						
26	пестицидтер, улы химикаттар пестициды, ядохимикаты						
27	пайдаланған майлар отработанные масла						
28	сыр мен бояу қалдықтары отходы лаков и красок						
29	майлау-суту сұйықтығы						

	смазочно-охлаждающие жидкости						
30	шикі мұнай, мұнай өнімдері сырая нефть , нефтепродукты						
31	мұнаймен, мазутпен, химикаттар мен ластанған топырақ грунты, пропитанные нефтью, мазутом, химикатами						
32	мұнай шламдары нефтешламы						
33	істен шыққан бұрғылау шламы отработанный буровой шлам						
34	басқа қалдықтар прочие отходы						
35	"Жасыл" тізбесіндегі қалдықтар барлығы Отходы из "зеленого списка, всего"						
36	хром қалдықтары және сынықтары отходы и лом хрома						

37	кадмий қалдықтары және сынықтары отходы и лом кадмия						
38	алюминий қалдықтары және сынықтары отходы и лом алюминия						
39	мыс қалдықтары және сынықтары отходы и лом меди						
40	қорғасын қалдықтары және сынықтары отходы и лом свинца						
41	мырыш қалдықтары және сынықтары отходы и лом цинка						
42	марганец қалдықтары және сынықтары отходы и лом марганца						
43	пластмасса, полиэтилен қалдықтары отходы пластмассы, полиэтилен а						
44	абразив қалдықтары отходы абразива						
	пайдаланылған						

45	шиналар және басқа да резеңке қалдықтары использован ные шины и другие резиновые отходы						
46	басқа қалдықтар прочие отходы						
47	Радиоактив ті қалдықтар, барлығы Радиоактив ные отходы, всего						
48	Сұйық Жидкие						
49	Қатты Твердые						
50	трансуранд ы трансуранов ые						
51	альфа-радио активті альфа-радио активные						
52	бета-радиоа ктивті бета-радиоа ктивные						
53	төменгі радиоактивт і қалдықтар изкордиоак тивные отходы						
54	құрамында радиоактивт і қалдықтар бар құралда р, дана, олардың ішінде: приборы, содержащие						

19								
20								
21								
22								
23								
24								
25								
26								
27								
28								
29								
30								
31								
32								
33								
34								
35								
36								
37								
38								
39								
40								
41								
42								
43								
44								
45								
46								
47								
48								
49								
50								
51								
52								
53								
54								
55								

кестенің жалғасы

	Есеп беру жылы кәсіпорындардың өз қалдықтарды орналастыру объектілерінде орналастырылды	Басқа ұйымдарға, кәсіпорынға жөнелтілді	Орналастырылған қалдықтардың көлемі	
--	---	---	-------------------------------------	--

27									
28									
29									
30									
31									
32									
33									
34									
35									
36									
37									
38									
39									
40									
41									
42									
43									
44									
45									
46									
47									
48									
49									
50									
51									
52									
53									
54									
55									

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2012 жылғы 21 мамырдағы
№ 164-ө бұйрығына 2-қосымша

**Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын толтыру жөніндегі
нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Қауіпті қалдықтар бойынша есеп нысанын шаруашылық қызметі процесінде халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін қалдықтар құрылатын, кәдеге жаратылатын, залалсыздандырылатын,

орналастырылатын жеке және заңды тұлғалар толтырады. Толтырылған нысан кәсіпорынның орналасқан жері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне табыс етіледі.

2. Есепті табыс ету мерзімділігі – жылдық, есептік жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша. Есепті табыс ету мерзімі есептік жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін.

2. Толтыру туралы

3. Осы нысанның титулдық бетінің мекенжай бөлігінде Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес экономикалық қызмет түрінің кодын көрсету қажет.

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің (ӘАОЖ) кодын қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органның қызметкері толтырады.

Көрсетілген нысан қауіпті қалдықтар паспорты, кіріс-шығыс құжаттары (кіріс және шығыс ордерлері, материалдарды қабылдау туралы актілер, материалдар мен заттарды жөнелту жүкқұжаттары, қауіпті өнеркәсіп қалдықтарын өткізу төлқұжаты, қойма есебінің карточкасы мен ведомосі, кәсіпорыннан қалдықтарды шығару құжаттары және т.б.) негізінде жасалады. Алғашқы есепке алу құжаттары болмаған ретте нысан материалдық баланс есептері, бағалаулар және басқа деректер негізінде толтырылады.

Қауіпті қалдықтардың барлық түрі, оның ішінде құрамында улы заттары бар жарамсыз болып қалғандары да (жарамсыз және қолдануға тыйым салынған пестицидтер мен улы химикаттарды қоса (өсімдіктерді қорғау химиялық жабдықтары) есепке алуға жатады.

Бұдан әрі пайдалануға болатын, дайын өнім, сондай-ақ өндіріс технологиясы бойынша дайын өнім алу мақсатына арналған жартылай фабрикаттар болып табылатын зиянды заттар (өнімдер, қоспалар) есепке алуға жатпайды. Статистикалық есептіліктің басқа нысандарында бейнеленетін ағын сумен су объектілеріне және атмосфералық ауаға тарайтын зиянды заттар, тұрмыстық (коммуналдық) қатты қалдықтар есепке алынбайды. Сонымен бірге есептерде тиісті ғимараттар мен қондырғыларда ұшқан газдар мен ағын суды тазалау процесінде ұсталған (алынған) зиянды заттардың пайда болуы, залалсыздандырылуы, орналастырылуы, т.с.с. өз бейнесін табуға тиіс.

Кәсіпорында пайда болған, басқа кәсіпорындардан келіп түскен радиоактивті қалдықтар (47 – 55-жолдар), оларды пайдалану, залалсыздандыру, орналастыру да есепке алынуға жатады.

Қолданылып жүрген нормалар мен ережелерде белгіленген шамалардан асқан мөлшерде радиоактивті заттары бар және сол өндірісте не басқа жерде бұдан былай тіпті тәжірибелік зерттеулерде де пайдалануға болмайтын ерітінділер,

бұйымдар, материалдар, биологиялық объектілер, сондай-ақ бұдан былай пайдалануға болмайтын ионды сәулелердің істен шыққан көздіктері радиоактивті қалдықтарға жатады.

Агрегативтік (физикалық) жағдайына қарай радиоактивті қалдықтар сұйық және қатты болып бөлінеді. Сұйық радиоактивті қалдықтардың ішінде бейорганикалық заттардың ерітінділері, фильтрлік материалдардың пульттері, органикалық сұйықтықтар (майлар, еріткіштер және т.б.) есепке алуға жатады. Қатты радиоактивті заттардың ішінде бұйымдар, материалдар, биологиялық объектілер, жұмыс істелінген иондайтын сәуле бөлетін көздер есепке алуға жатады.

Есептерде қауіпті қалдықтар туралы деректер осы қалдықтың жалпы салмағы бойынша (барлық қосалқыларымен қоса) тоннамен үтірден кейін үш белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Егер қалдықтардың құрамына әр түрлі қауіпті қалдықтар деңгейлеріне (түрлеріне) жататын екі немесе одан да көп қауіпті компоненттер енсе, онда қалдықтың осы типін тиісті деңгейге (түрге) жатқызу ең жоғары қауіптілік деңгейі бар компонент бойынша жүргізіледі. Олардың қауіптілігі бірдей болған жағдайда қалдық түрінің атауы көрсетілген компоненттің мол сандысына орай жатқызылады.

Кәсіпорында есеп бланкісінде бөлінгеннен басқа қауіпті қалдықтардың түрлері бар болған жағдайда, ол қалдықтар 12, 34 және 46 - "басқа қалдықтар" жолдарында өздері жататын қауіптілік деңгейлеріне сәйкес көрсетіледі. Қауіптіліктің бір деңгейіндегі қалдықтар бланкіде бөлінген барлық жиынтығы плюс қауіптіліктің осы деңгейіндегі басқа қалдықтар осы деңгейдің қорытынды жолына тең.

1-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есепті жылдың басында кәсіпорынның аумағы мен оның шегінен тыс жерлердегі сақтау және жинақтау орындарында, қоймаларда, қорымдарда, полигондарда, үйінділерде және т.б жатқан қауіпті қалдықтар түгел көрсетіледі.

2-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есепті жылы тікелей есеп беретін кәсіпорында пайда болған қауіпті қалдықтардың мөлшері (басқа кәсіпорындардан келіп түскен қалдықтар есепке алынбай) көрсетіледі.

3-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорынға пайдалану, өңдеу, залалсыздандыру, орналастыру және басқа мақсаттар үшін басқа кәсіпорындардан (бөгделерден) келіп түскен және дайын өнім немесе жартылай фабрикат емес барлық қалдықтардың саны көрсетіледі.

4-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша пайдалану, залалсыздандыру немесе орналастыру мақсатында басқа елдерден импорт бойынша келіп түскен қауіпті қалдықтардың саны көрсетіледі.

5-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорында әйтеуір бір өнім алу үшін өңделген, қайта пайдаланылған қалдықтардың саны көрсетіледі.

6-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорында импортталған қалдықтар көлемінен қандай да бір өнім алу үшін өңделген, қайта пайдаланылған қалдықтардың саны көрсетіледі.

7 және 9-бағандар 01 - 55 жолдар бойынша энергия алумен немесе энергия алусыз инсинерацияға (жағу) жолданған қауіпті қалдықтардың саны керсетіледі.

8 және 10 бағандар 01 - 55 жолдар бойынша энергия алумен немесе энергия алусыз инсинерацияға (жағу) жолданған импортталған қауіпті қалдықтардың саны көрсетіледі.

11 және 13-бағандарда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорында толық немесе жартылай залалсыздандырылған (қауіптілік деңгейі төмендетілген) қалдықтар саны көрсетіледі.

12 және 14-бағандарда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорында толық немесе жартылай залалсыздандырылған (қауіптілік деңгейі төмендетілген) импортталған қалдықтар саны көрсетіледі.

15 және 17-бағандарда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорындардың өз арнайы өндіріс қалдықтарды орналастыру объектілерінде орналастырылған (сақтау, көму) қауіпті қалдықтар көлемі көрсетіледі.

16-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша өндіріс қалдықтарын орналастыру объектілерінде сақтауға жолданған импортталған қауіпті қалдықтардың саны көрсетіледі.

18-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есеп беретін кәсіпорындардың өз тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында орналастырылған қауіпті қалдықтар көлемі көрсетіледі.

19-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша басқа ұйымдарға, кәсіпорындарға пайдалану, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өңдеу, жою), орналастыру үшін берілген қалдықтардың жалпы саны көрсетіледі, ал 20-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша Қазақстан Республикасы аумағынан экспортталған қауіпті қалдықтардың жалпы саны көрсетіледі.

21 және 22-бағандарда 01 – 55 жолдар бойынша есепті кезеңде қауіпті қалдықтарды орналастыруға рұқсат етілген (нормативтік) көлем көрсетіледі. Нормативтік (21-баған 01 – 55 жолдар бойынша) және нормативтен тыс көлемдер (22-баған 01 – 55 жолдар бойынша) бөліп көрсетіледі.

21 және 22-бағандар 01 - 55 жолдар бойынша өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін рұқсаты бар кәсіпорындар толтырады.

23-бағанда 01 - 55 жолдар бойынша есепті кезеңнің аяғында кәсіпорынның аумағындағы және одан да тыс жерлердегі, бірақ кәсіпорынның балансындағы қауіпті қалдықтардың барлық жиналған саны көрсетіледі.

Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына, нысанның дұрыс ресімделуіне, белгіленген мерзімде және мекен-жайға табыс етуіне жауапты кәсіпорын басшысы есепке қол қояды.

4. 01-жол = 02, 03 және 04 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

01-жол = 05, 13 және 35 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

05-жол = 06-12 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

13-жол = 14-34 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

35-жол = 36-46 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

47-жол = 48 және 49 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

47-жол = 50 және 53 жолдардың қосындысына (барлық бағандар бойынша)

3-баған

≥

4 баған (барлық жолдар бойынша)

5-баған

≥

6 баған (барлық жолдар бойынша)

7-баған

≥

8 баған (барлық жолдар бойынша)

9-баған

≥

10 баған (барлық жолдар бойынша)

11-баған

≥

12 баған (барлық жолдар бойынша)

13-баған

≥

14 баған (барлық жолдар бойынша)

15 баған

≥

16 баған (барлық жолдар бойынша)

19-баған

≥

20 баған (барлық жолдар бойынша)

23-баған = 1-баған + 2-баған + 3-баған – 5-баған – 7-баған - 9-баған - 11-баған - 13-баған - 15-баған - 17-баған - 18-баған - 19-баған (барлық жолдар бойынша)